

Таким образом, игры - эстафеты следует рассматривать как особый вид при закреплении у детей двигательных умений и навыков и при формировании у них физических качеств.

Прогнозируя критерии успешности использования игр соревновательного характера и игр – эстафет, необходимо учитывать факторы риска, к которым относятся:

- проблемы с эмоциональным благополучием детей в ситуации неуспеха, а они могут возникнуть в играх с элементами соревнования;

- высокие психические нагрузки, связанные с усвоением сложнокоординированных действий в игровых ситуациях;

- высокая травмоопасность отдельных игр с элементами спорта, где есть соприкосновение игроков;

- определение оптимальности физических нагрузок, так как гиперкинезия может повлечь за собой перенапряжение сердечно - сосудистой системы;

- условия сочетания предложенной системы коллективных игр и индивидуальности ребенка.

Учитывая все эти нюансы, нами разработаны некоторые правила для детей и педагогов.

Для детей:

- не мешайте другим и не допускайте никакой грубости;
- старайтесь управлять своим поведением, ведите себя дисциплинированно, четко, организованно;

- играйте честно, дружно, соблюдая установленные правила;

- помните о законе всех игр: один – за всех и все – за одного; ставьте интересы команды выше своих;

- не горячитесь, проявляйте больше выдумки и смекалки;

- никогда не сердитесь, если в игре вас нечаянно толкнули или наступили на ногу;

- играйте смело, с инициативой, согласуя свои действия с действиями товарищей.

Для педагогов:

- о подготавливая место для игр, нужно проверить все вокруг, чтобы ничто не мешало участникам и не могло нанести им вред;

- о начиная игру, предварительно обсудите весь ее ход; заранее спланированная игра помогает оценить силы детей, развивает у них чувство взаимопомощи;

- о чтобы играть не надоедало – предлагайте и вносите в игры новые правила, знайте различные варианты игр.

Список использованных источников:

1. Кузнецова М.Н. Оздоровление детей в детском саду. – М.: Айрис – пресс, 2008 – 96 с.
2. Волошина Л. Н. Играйте на здоровье! – Москва: Аркти, 2004 – 144 с.
3. Подольская Е.И. Необычные физкультурные занятия для дошкольников. – Волгоград: Учитель, 2010. – 167 с.
4. Давыдова М.А. Спортивные мероприятия для дошкольников – М.: ВАКО, 2007 - 304 с.
5. Козырева О.Е. Оздоровительно-развивающие игры для дошкольников. – Москва: Просвещение, 2007 – 94 с.

## **ҚАЗАҚ ТІЛДІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ САБАҚТАРДА СЕРГІТУ СӘТІН ҚОЛДАНУ**

Рымханова А.Р., Тусупбекова С.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды

Қазір мемлекеттік тілді дамыту жайы барша қауымның елдің барлық топтарының назарында тұрған аса өзекті мәселе, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі дәрежесі Қазақстан Республикасының Конституциясында және Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңында көрсетіліп, оны меңгеру аталған Заңда қазақстан халқын топтастырудың аса

маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы болып анықталған [1].

Қазақстан көпұлтты мемлекет екенін ескерсек, азаматтардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде жүйелі меңгеруі үшін тілді тек қана жүйелі оқытулар мен сол оқытулар нәтижелерін, әділ бағалау жұмыстарын жүргізуде. Әрбір зайырлы елде мемлекеттік тіл деген елдегі барлық азаматтар пайдаланатын байланыс тілі болып табылады [2].

Қостілділіктің бірнеше анықтамасы бар. Әлеуметтік лингвистика терминдер сөздігінде: Қостілділік ағылшын тілінен аударғанда bilingualism- билингвизм ұғымымен бірдей; жеке адамдардың немесе қоғамның екі немесе бірнеше тілді меңгеруі қолдануы [3,152].

Қостілділіктің (билингвизмнің) көптеген мәселелерінің ішінде интерференция ерекше орын алады. Яғни бір тілді екіншісіне қарағанда артық меңгеруі, тілдік байланыс нәтижесінде қостілді адамдар тілінде кездесетін екі тілдің де нормасынан ауытқуды айтамыз. Тіл меңгеру жолында ең басты және ең қиыны –меңгерген білімді тәжірибеде қолдана білу дағдысының қалыптасуы.

Адам бала кезден бастап арнайы дыбыстарды айту үшін сөйлеу аппаратын пайдалануды игереді. Ал басқа тілді меңгергенде, өзінің ана тілінің дыбыстары мен олардың артикуляциялық базасының көмегіне жүгінеді екен.

Көбіне билингв оқушыларда сөйлеу тілі «шатысқан» болады. Сөйлемінің басы өз ана тілінде болса, соңы екінші тілінде қолданады. Ана тілінің сөздеріне екінші меңгерген тіл қосымшаларын жалғап қолданады. Соның нәтижесінде бала сөздің мағынасын дұрыс түсінбей, бастауыш сынып оқушыларында сөйлеу тілінің жалпы жетілмеуі, фонетико-фонемалық қабылдаудың бұзылуы және дисграфия мен дислексия тіл кемістіктері байқалады. Бұл топтағы балалармен ұйымдастырылатын логопедиялық сабақтар топтық немесе жекелей ұйымдастырылады.

Билингв қазақ тілді бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін логопедиялық түзету сабақтарында, ойындар мен жаттығуларды тиімді ұтымды ұйымдастыру үшін жаттығулардың мақсатын ескеріп пайдаланылғаны дұрыс.

Баланың тілін дамытуда ойындарды дидактикалық және дамытушы материал ретінде қолдана отырып, оның қызықты, әрі пайдалы құрал екендігіне көз жеткізесіз.

Өз тарапымыздан жүргізген түзету жұмыстарымыздың барысында ойындар мен жаттығуларды тілдік құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында тиімді пайдалануға болатынын аңғардық. Әсіресе, сөздің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған жаттығулар және қимылмен үйлестірілген өлең жолдары балалардың сөйлеу дағдыларын орнықтыра түсетінін көрсетті.

Рухани және патриоттық тәрбиемен бір қатар деңгейде ұстай отырып, әр адам өз денсаулығын сақтауды, құрметтеу тәрбиесін ерте кезеңнен бастауы қажет. Егер де отбасы тәрбиесінде бала денсаулығына дене шынықтыру мен спорттың маңыздылығын ата-анасы түсінетін болса, онда олар ерте балалық шақтан бастап физикалық жұмыс мәдениетін қалыптастыруға аса назар аударады. Сондай-ақ, егер де мектепте оқушылардың денсаулығын жақсарту маңыздылығын түсінген кез-келген мұғалім сабақ барысын сауықтыру жаттығуларынсыз - баланың жан және тәнінің тынығуына бағытталған сергіту сәттерінсіз ұйымдастырмауды басшылыққа алады [3, 41 б.].

Ресейлік психолог мамандардың зерттеу қортындылары бойынша орташа көрсеткішпен алып қарағанда «4» пен «5» оқитын бастауыш сынып оқушысы үйде жазу үстелі басында 2,5-3 сағат; алтыншы сынып оқушысы 3-4 сағат, жоғарғы сынып оқушысы 6-не одан да көп уақыт өткізеді. Ал, сондай-ақ бұған сабақ барысындағы уақытты да қоса есептесек ше?

Соңғы жылдары мектептерімізде жиі ауруға ұшырайтын балалардың, көру қабілеті төмендеген және дене бітімі бұрыс жетілген оқушылардың саны күннен-күнге артуда. Мұндай жағдайдың туындауына балалардың өмір сүру тәртібі өз әсерін тигізуде. Балалар көбіне таза ауада серуендеуге, қозғалыс ойындарына аз уақыт бөледі, басты назарды теледидар мен компьютерлік ойындар алуда. Ал, бала 6-7 жасқа толғанда мектеп партасына отырады, әлсіз ағзаға әсер етуші жүк одан әрі жоғарлай түседі. Балалар шаршайды, көру

қабілеті әлсізденеді, омыртқаларына күш түседі, әлсіз ағза одан әрі бәсеңдейді. Сондықтан да мектептің негізгі мақсаттарының бірі болып - оқушылардың денсаулығын нығайту мен сақтау болып саналады. Әрбір мұғалім оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, оқу материалын дұрыс меңгеруге сабақ барысында дұрыс жағдай туғызуы қажет [4].

Арнайы түзету (коррекциялық) сыныптарында жұмыс істейтін мұғалімнің оқушы денсаулығын сақтау негізіне қойылатын міндеттері:

- оқушының денсаулық деңгейін сақтау мен жетілдіру;
- денсаулық мәдениетін қалыптастыру;
- денсаулық сақтау мінез-құлқын қалыптастыру.

Жас ұрпаққа жан-жақты тәрбие беріп, білім негіздерін меңгеру процесінде әрбір сабақтың алатын орны бар. Ондай сабақ алдымен тартымды, қызғылықты ұйымдастырылуы керек, сонда ғана оқушының білімге деген ынта-ықыласы, күштарлығы артады. Оқушылардың ойын дұрыс жеткізуге, түсінігін, өз сөзімен айтуға баулу үшін сабақта түрлі тәсілдер қолданылады.

Соның бірі - ойын. Ойындарды әсіресе, бастауыш сыныптар арасында қолданғанда сабақ тартымды, жеңіл өтіп, оқушылар жалығып, шаршамайтын болады. Бұл жастағы балалар үшін ойын — олардың іс-әрекетінің бір түрі. Олар айналада көргенін, естігенін ойынмен бейнелейді. Ойын арқылы олардың психологиялық ерекшеліктері /есту, көру, сезу т.б./ коллективтік сипат, өмірге деген көзқарасы, түрлі қасиеттері, қабілеті мен белсенділігі дамып, қалыптасады. Ал, мұның өзі баланың дамуы үшін маңызды зор фактор.

Бұл ойындарды сабақта үзбей пайдаланған, балалардың қозғалыс белсенділігін арттырады, денсаулығын нығайтып, сымбатты да сұлу болуына, денесінің шынығуына жәрдемдеседі. Бұл ақыл-ойдан, мидың қабылдау процесіне де есер етеді.

Ойындар: шығармашылық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, сөздік, қимылды-сөздік, спорттық, тұрмыстық т.б. болып бөлінеді.

Ойындарды үйрету барысында бір ескерерлік жағдай - оларды толық түрінде пайдалана білу және психологиялық, физикалық ерекшеліктеріне байланысты анықталып іріктеп, қажеттісін ала білу ұстаз шеберлігіне байланысты.

Ойындарды өткізу шамамен мына кезеңдерден тұрады :

- а/ Ойынды ұйымдастыру;
- ә/ Ойынды баяндап, түсіндіру;
- б/ Ойынды өткізу;
- в/ Өткізілген ойынды талдау және қорыту [5].

Сабақтың тақырыбына ойын түрін алдын-ала таңдап, талқылап, іріктеп алғаны дұрыс.

Сонымен қатар, негізгі бағыт болып сабақ кездерінде сергіту сәттерін жүргізу, қозғалыс үзілістерін, аулада ырғақтық сағаттарды өткізу есептеледі.

Әсер етуші негізгі жаттығулардың бірі-сергіту сәттері. Яғни, сабақты ұйымдастырудың маңызды бөлігі. Сергіту сәттері оқушылардың шаршау кезеңдерін негізге ала отырып жүргізіледі.

Бұлар өздерінің формасы және құрылымы бойынша әртүрлі болған жағдайда ғана тиімді болып есептеледі. Динамикалық үзілістер, ойын, сергіту сәттерін өткізу кезінде мұғалім сыныпты, сабақ тақырыбын, сабақтың негізгі кезеңдерін, оқушылардың психологиялық жағдайларын ескеріп, басшылыққа алғаны жөн. Арнайы сыныптарда міндетті түрде сергіту сәттерін қолдану қажеттіліктері қалыптасқан. Сергіту сәттерінің бірі сабақты негізге ала отырып, психологиялық немесе ұсақ маторикаға арналған жаттығу болуы қажет. Психологиялық жаттығу математика сабағында өзекті болып табылса, ал саусақ жаттығулары жазу сабақтарында маңызды орынды алады. Ал екінші сергіту сәті бұлшық еттер мен эмоциялық релаксацияға бағытталғаны жөн.

Мұндай сыныптарда сергіту сәттері сабақтың басында жүргізілгені дұрыс. Бұл жаттығулар ойлау процесстерінің белсендендіруіне жағдай туғызады (зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттері).

Көбіне сабақтың өтілу барысында балалардың көзі, қолдың ұсақ бұлшық еттері, арқасы шаршайды. Оқушы сабақ туралы ұмытып, күш одан әрі жоғарлай түседі. Бұл демалуға ең тиімді кезең. Тынығу 1-2 минутқа созылады, бұл аздаған уақыттың өзі әр оқушы үшін маңызды.

Әдетте, сабақ үстінде жасалатын сергіту сәттері, ойын түрлері әр күні, екінші не үшінші сабақтарда, жаңа тақырыпты өтер алдында, яғни 20-25 минут өткен соң жүргізілгені дұрыс. Өйткені, бастауыш сынып оқушылары сабақ барысында тез шаршағандықтан, олардың қимыл-қозғалыстары да бәсеңдей түседі.

Сергіту сәтінде орындалатын қарапайым жаттығулар оқушылардың миына, денесіне тыныс береді, сабаққа деген ынта-жігерін арттыра түсіп, жаңа тақырыпты тез қабылдайтын болады.

Логопедиялық түзету сабақтарында қолданылатын кейбір ойын, сергіту сәттері және саусақ жаттығулары:

«Аталатын дыбыстан басталатын сөз ойла».

Ойын балаларды тез ойлауға жаттықтырады. Мысалы, мұғалім «А» деп, допты кез келген оқушыға лақтырады, ол «А» дыбысынан сөзді айтып /Аккорд, ансамбль, аллегро, ана, ата т.б./ деп допты басқа балаға «Б» деп лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді. Ойынға қатысқан біреуі қателесіп немесе сөз таппай қалғанда, ойын аяқталып, жеңілген ойыншы айыбын тартады /ән, би орындау, өлең оқу, жаңылтпаш айту, жұмбақ жасыру т.б. [6].

«Хайуанаттар әлемінде».

Ойын барысы: ортаға бір оқушы шығып кез келген анның, жануардың, құстың қимыл-қозғалыстарын келтіреді. Оқушылар ол не екенін табу керек.

«Ол не?» ойыны. Бір оқушы бір зат жасырып әкеледі де, соны сипаттап айтады. Басқалары ойланып табады.

Сергіту сәттері:

1. Қарлығашқа ұқсайық,

Кәне, қанат жазайық.

Қарлығаш боп ұшайық,

Ұшып-ұшып алайық.

2. Он, жиырма, тоқсан, жүз,

Тойлаймыз ата тойын біз.

Ғабит ата өзіндей,

Біз жазушы боламыз

(Қолдарымен ауада жазу жазады).

Жазған аңыз, ертегінді,

Ынта қоя оқимыз

(Кітап оқығандай қимыл көрсетеді)

Саусақ жаттығулары:

1. Бала, бала, балақай

Қайсы сенін алқан

Саусақтарын әйбат

Былай, былай ойнат.

«Шам»

Б.қ: Қолды жоғары көтеріп тұру.

Саусақ ұшын майыстыру

Жұмып-ашу.

Шам жанды (түзу ұстау)

Шам сөнді (саусақты бүгу) [7].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Заңы.

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>

3. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы, 2016.-168 б.

4. Юсупова Т.Д. Сергіту жаттығулары // Бастауыш мектеп. – 2003. - №9. – Б. 41.

5. Шипицына Л.М., Мамайчук И.И. Детский церебральный паралич: хрестоматия: учеб.пособие.- СПб.- Дидактика Плюс, 2003. - 120 с.

6. Қазақтың ұлттық ойындары. [https://infourok.ru/referat\\_aza\\_ltty\\_oyyndary-416565.htm](https://infourok.ru/referat_aza_ltty_oyyndary-416565.htm)

7. Қазақтың балалар ойыны. <https://articlekz.com/kk/article/16136>

## **АРТ-ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЕНСОРЛЫ ДАМУЫ**

Сабитова М., Алшинбаева С.Ж.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды

Көру қабілеті бұзылған балаларды диагностикалау және зерттеу оларды әртүрлі мамандардың (офтальмологтар, психологтар, мұғалімдер) кешенді зерттеуін қамтиды. Көру қабілеті бұзылған балалар көру жағдайының сипаттамалары бойынша да, аурулардың шығу тегі мен әлеуметтік даму жағдайлары бойынша да үлкен және әр түрлі топты білдіреді.

Л.С.Выготский әр түрлі ауытқулардағы балалардың психикалық дамуының заңдылықтарын зерттей отырып, әртүрлі бұзылуларда көрінетін жалпы нақты заңдылықтарды анықтады [1, 213 б.]. Ол аномалияны тудыратын себептер психикалық іс-әрекеттегі негізгі бұзылыстың пайда болуына әкелетінін атап өтті, ол бастапқы ретінде анықталады, нәтижесінде баланың бүкіл психикалық дамуындағы ерекше өзгерістерге әкеледі және басқа психикалық бұзылулардың қалыптасуында көрінеді. Сондай-ақ, ол даму кемістігі бар барлық балаларға ортақ үлгіні анықтады, атап айтқанда: әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесудегі қиындықтар, сыртқы әлеммен байланыстың бұзылуы.

Аномалиясы бар балалардың барлық санаттарының дамуына тән жалпы заңдылықтар аномалия түріне байланысты әр түрлі формада көрінетін сөйлеу қарым-қатынасы мен қозғалыс бұзылыстарының ерекшеліктерінде де көрінеді. В.И.Лубовский [2, 149 б.] мен Ж.И.Шиф [6, 95-106 б.] бастапқы және қайталама ақаулардың болуы балалардың сыртқы әлемнен алатын ақпаратын едәуір төмендететінін көрсетті. Көру қабілетінің терең бұзылыстарының даму процесіне әсері танымдық іс-әрекеттің барлық түрлерінде ауытқулардың пайда болуымен байланысты және баланың жеке және эмоционалды-еріктік салаларының қалыптасуына әсер етеді. Көру қабілетінің күрт бұзылуы сырттан алынған ақпараттың жалпы санының төмендеуінде, оның сапасының өзгеруінде көрінеді.

Сенсорлық стандарттар – бұл А.В.Запорожец перцептивті әрекеттер теориясына енгізген термин; бұл бала заттарды зерттеу және олардың қасиеттерін бөлектеу кезінде игеретін және қолданатын объектілердің белгілер жүйесі (жарық, спектр түстері, геометриялық пішіндер және т.б.) Жалпы қабылданған сенсорлық стандарттар жүйесін қалыптастыру кезінде, түзету сабақтарында тапсырмаларды орындауға ойын сипатын беретін әдістерді қолдану керек. Әр жүйенің ішіндегі стандарттар мен олардың арасындағы, содан кейін жүйелер арасындағы қатынастарды ассимиляциялаудағы бірізділікті сақтау қажет. Балалар стандарттардың атауын білуі керек. Көру қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балаларда сенсорлық стандарттарды қалыптастыру тәжірибесі келесі үш негізгі стратегияны ұсынуға мүмкіндік береді.

Біріншісі – баланың көру аймағында орналасқан үлгі бойынша стандарттар жүйесінде берілген элементті визуалды іздеуді ұйымдастыру. Мұғалім баланы серияда немесе матрицада көрсетілген сенсорлық стандарттар жүйесі бойынша таза визуалды қозғалысты жүргізуге үйретуі керек. Ол берілген үлгіге ұқсас эталондарды іздеуге бағытталуы тиіс.

Екінші, неғұрлым күрделі стратегия – ұсыну бойынша стандартты визуалды іздеуді ұйымдастыру (мнемоникалық кескін). Мұғалім балаға үлгіні көрсетеді, оны есте сақтауды